

БҰЙРЫҚ № 2

05.01.2025 ж

Орал қаласы

Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес құрамына бекіту туралы

Білім туралы 2007 жылғы 27 шілдеде Қазақстан Республикасы Заңының 5 бабының 34-і тармақшасына сәйкес «Педагогикалық мәртебесі туралы» (2019 жылғы 27 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 3-ші тармағына және 16-бабының 1-тармағы және ҚР БЖҒМ 2020 жылғы 11 мамырдағы № 190 бұйрығын 2 қосымшасына сәйкес Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің жұмысын ұйымдастыру мақсатында БҰЙЫРАМЫН: «Алинур» балабақшасы педагогтерін педагогикалық әдепті сақтау мәселелерін қарайтын алқалық орган ретінде төмендегідей құрамда комиссия мүшелері жасақталсын.

Комиссия төрайымы: Кусаинова Гулжанат Тимуровна ЖШС «Алинур7»
Алинур балабақшасының меңгерушісі

Комиссия мүшелері:

Балжанова Айнагул Сабитовна — «Алинур» балабақшасының әдіскері,
хатшысы

Н.Т.Хабибуллина — №41 «Ақ тілек» бөбекжайының әдіскері

Г.А.Ерболатовна — ЖШС «Алинур7» Алинур бөбекжайының әдіскері

Серікбаева Ділназ Аманғалиқызы — «Алинур» балабақшасы тәрбиешісі


Ж.Д.Елубаева — ЖШС «Алинур7» Алинур жеке балабақшасы тәрбиешісі

А.А.Ахметкалиева — №35 «Шұғыла» бөбекжайының тәрбиешісі

Н.С.Косалиева — ТОО «Бәмби» бөбекжайының тәрбиешісі

Г.А.Сақыпкереева — «Алинур 5» жеке бөбекжайының тәрбиешісі.

«Алинур» балабақшасының педагогтарына педагогикалық әдеп қағидалары және кеңес жұмысымен таныстырылсын.





2024–2025 оқу жылына арналған Педагогикалық әдеп кеңесінің жоспары

№	Іс-шара атауы	Уақыты	Жауапты
1	1.2024–2025 оқу жылына арналған жұмыс жоспарын бекіту туралы. 2.Кеңес мүшелеріне ҚР Білім және ғылым министрінің «Педагогикалық этиканың кейбір мәселелері туралы» 2020 жылғы 11.05. №190 бұйрығын түсіндіру. 3.Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес мүшелерінің функционалдық міндеттерін бөлу.	Қыркүйек	Әдеп кеңесінің мүшелері
2	«Alinur» балабақшасы педагогикалық ұжымының сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметі. 2. Пед.қызметкерлерінің қызметтік емес уақытта этикалық нормаларды бұзу фактілері бойынша хаттар мен өтініштерді қарау, БАҚ пен әлеуметтік желілерді бақылау.	Наурыз	Әдеп кеңесінің мүшелері
3	1. Балабақша қызметкерлерінің этикалық нормаларды, ішкі тәртіп ережелерін, балабақша Жарғысын бұзу фактілері бойынша азаматтардың хаттары мен өтініштерін қарау. 2.2024–2025 оқу жылының педагогикалық әдеп кеңесі қызметінің қорытындысы.	Мамыр	Әдеп кеңесінің мүшелері

«Alinur» балабақшасы

Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің №1 хаттамасы

Өткізілген күні: 18.09.2024 жыл

Төрайымы: Г.Т.Кусаинова

Хатшысы: А.С.Балжанова

Қатысқандар: Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің мүшелері (қатысу парағына сәйкес).

Күн тәртібі

1. 2024–2025 оқу жылына арналған Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің жұмыс жоспарын бекіту.
2. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 11 мамырдағы №190 «Педагогикалық әдептің кейбір мәселелері туралы» бұйрығының талаптарын түсіндіру.
3. Кеңес мүшелерінің функционалдық міндеттерін бөлу.

Бірінші мәселе бойынша тыңдалды

Кеңес төрайымы Г.Т.Кусаинова сөз алып, жаңа оқу жылында Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің қызметі Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңына, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің нормативтік құқықтық актілеріне және Педагогикалық әдеп қағидаларына сәйкес ұйымдастырылатынын атап өтті. Ол кеңестің негізгі мақсаты педагогтердің кәсіби әдебін сақтау, ұжымда қолайлы моральдық-психологиялық ахуалды қалыптастыру, педагогтердің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау, педагогикалық әдеп нормаларының сақталуына ықпал ету екенін айтты. Жұмыс жоспарында педагогтердің құқықтық сауаттылығын арттыру, профилактикалық жұмыстар жүргізу, педагогикалық әдептің сақталуына мониторинг жасау, қажет болған жағдайда кеңес отырыстарын өткізу қарастырылғанын баяндады.

Төрайым ұсынылған жоспарды бекітуді ұсынды.

Екінші мәселе бойынша тыңдалды

Г.Т.Кусаинова Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 11 мамырдағы №190 бұйрығымен бекітілген Педагогикалық әдеп қағидаларының негізгі талаптарына тоқталды.

Атап айтқанда: педагогтің кәсіби әдебі, тәрбиеленушілермен және олардың ата-аналарымен қарым-қатынас мәдениеті, әріптестер арасындағы өзара сыйластық, қызметтік міндеттерді адал орындау, әлеуметтік желілердегі педагогтің мәдениеті, педагогтің қызметтен тыс уақыттағы мінез-құлқы жөніндегі талаптар кеңінен түсіндірілді.

Сондай-ақ педагогтердің кәсіби беделін сақтау, білім беру ұйымының жағымды имиджін қалыптастыру әр қызметкердің міндеті екендігі айтылды.

Үшінші мәселе бойынша тыңдалды

Төрайым кеңес мүшелерінің міндеттерімен таныстырды.

Кеңес мүшелеріне:

педагогикалық әдеп талаптарының сақталуына мониторинг жүргізу

профилактикалық жұмыстар ұйымдастыру

түсіндіру жұмыстарын өткізу

кажет болған жағдайда азаматтардың өтініштерін қарау

педагогтердің құқықтарын қорғауға ықпал ету міндеттері жүктелді.

Сұрақтар

Кеңес мүшелері жоспардағы іс-шаралардың орындалу мерзімдері бойынша өз пікірлерін білдірді.

Жұмыс жоспарына өзгерістер енгізу туралы ұсыныстар болған жоқ.

Жарыссөз

Д.А.Серікбаева сөз сөйлеп, педагогтің кәсіби әдебі – білім беру сапасының маңызды көрсеткіші екенін айтты. Ұжымда өзара сыйластықты сақтау әр педагогтің азаматтық жауапкершілігі екенін атап өтті.

Ж.Д.Елубаева педагогикалық әдеп қағидаларын сақтау педагогтің кәсіби беделін арттыратынын айтып, жаңа оқу жылында профилактикалық жұмыстарды жүйелі жүргізуді ұсынды.

Жарыссөзге қатысушылар ұсынылған жұмыс жоспарын толық қолдайтындарын білдірді.

ҚАУЛЫ ЕТТІ

1. 2024–2025 оқу жылына арналған Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің жұмыс жоспары бірауыздан бекітілсін.
2. ҚР Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 11 мамырдағы №190 бұйрығының талаптары барлық педагогтердің басшылыққа алатын негізгі құжаты болып белгіленсін.
3. Кеңес мүшелерінің функционалдық міндеттері бекітілсін.
4. Әдеп қағидаларын сақтау бойынша профилактикалық жұмыстар тұрақты ұйымдастырылсын.
5. Педагогтердің кәсіби әдеп талаптарының сақталуына мониторинг жүргізу жалғастырылсын.

Дауыс беру нәтижесі:

Қолдады – 7

Қарсы – жоқ

Қалыс қалды – жоқ.



«Alinur» балабақшасы

Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің №2 хаттамасы

Өткізілген күні: 14.03.2025 жыл

Төрайымы: Г.Т.Кусаинова

Хатшысы: А.С.Балжанова

Қатысқандар: Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің мүшелері (қатысу парағына сәйкес).

Күн тәртібі

1. «Alinur» балабақшасы педагогикалық ұжымының сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметінің жай-күйі.
2. Педагогтердің қызметтік емес уақытта педагогикалық әдеп талаптарын сақтау мәселелері. Азаматтардың өтініштері, бұқаралық ақпарат құралдары мен әлеуметтік желілерге жүргізілген мониторинг қорытындылары.

Бірінші мәселе бойынша тыңдалды

Кеңес төрайымы Г.Т.Кусаинова сөз сөйлеп, Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңының талаптарына сәйкес бөбекжайда сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің алдын алу бағытында жүйелі жұмыстар жүргізіліп отырғанын атап өтті.

Білім беру ұйымында оқу жылы барысында педагогтер мен қызметкерлер арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мақсатында түсіндіру жұмыстары, ақпараттық кездесулер ұйымдастырылып, заң талаптары тұрақты түсіндіріліп отырғаны айтылды. Пед.қызметкерлерге қызметтік әдепті сақтау, қызметтік өкілеттіктерді жеке мүддеге пайдалануға жол бермеу, сыйлықтар мен материалдық игіліктерді қабылдамау, ата-аналармен қарым-қатынаста ашықтық пен әділдікті сақтау мәселелері жөнінде түсіндірме жұмыстары жүргізілгені баяндалды.

Педагогтердің кәсіби қызметінде заңдылық, ашықтық және адалдық қағидаларын басшылыққа алуы білім беру ұйымының басты ұстанымы екендігі ерекше атап өтілді.

Екінші мәселе бойынша тыңдалды

Г.Т.Кусаинова педагогтердің қызметтік емес уақытта да педагогикалық әдеп талаптарын сақтау қажеттілігі жөнінде баяндама жасады.

Оқу жылының өткен кезеңінде: педагогикалық әдепті бұзу жөнінде ресми шағымдар тіркелмегені, азаматтардан түскен өтініштердің уақытылы қаралғаны,

бұқаралық ақпарат құралдары мен әлеуметтік желілерге тұрақты мониторинг жүргізілгені, педагогтердің әлеуметтік желілердегі жарияланымдары білім беру ұйымының беделіне нұқсан келтірмейтіні анықталғаны айтылды.

Педагогтерге әлеуметтік желілерде пікір білдіру барысында педагогикалық әдеп қағидаларын сақтау, қызметтік ақпаратты жарияламау, тәрбиеленушілердің жеке деректерін қорғау жөнінде қосымша түсіндіру жұмыстары жүргізілгені хабарланды. Төрайым педагогтің кәсіби беделі тек жұмыс орнында ғана емес, қоғамдағы мінез-құлқымен де бағаланатынын атап өтті.

Сұрақтар

Кеңес мүшелері әлеуметтік желілердегі қауіпсіздік мәдениетін қалыптастыру бойынша түсіндіру жұмыстарын жалғастыру туралы ұсыныс енгізді.

Ата-аналармен өзара қарым-қатынаста дау-дамайлардың алдын алу мәселесі талқыланды.

Жарыссөз: Г.А.Сақыпкереева сөз сөйлеп, қазіргі қоғамда педагогтің кәсіби имиджі әлеуметтік желілердегі мәдениетімен де қалыптасатынын айтты.

Ол әр педагог өз жарияланымдары мен пікірлеріне жауапкершілікпен қарап, кәсіби әдеп талаптарын сақтауы қажеттігін атап өтті.

Сонымен қатар педагогтердің құқықтық сауаттылығын арттыруға бағытталған семинарлар мен кеңестерді тұрақты ұйымдастыруды ұсынды.

ҚАУЛЫ ЕТТІ

1. Балабақшада сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстар қанағаттанарлық деп танылсын.
2. Педагогтердің қызметтік және қызметтен тыс уақыттағы әдеп нормаларын сақтау бойынша түсіндіру жұмыстары жалғастырылсын.

Төрайымы :Г.Т.Кусаинова

Хатшысы:А.С.Балжанова



«Alinur» балабақшасы

Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің №3 хаттамасы

Өткізілген күні: 23.05.2025 жыл

Төрайымы: Г.Т.Кусаинова

Хатшысы: А.С.Балжанова

Қатысқандар: Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің мүшелері (қатысу парағына сәйкес).

Күн тәртібі

1. Балабақша қызметкерлерінің педагогикалық әдеп қағидаларын, ішкі еңбек тәртібі ережелерін және балабақша Жарғысын сақтау жағдайы бойынша азаматтардың өтініштерін қарау.
2. 2024–2025 оқу жылындағы Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес жұмысының қорытындысы.

Бірінші мәселе бойынша тыңдалды

Кеңес төрайымы Г.Т.Кусаинова оқу жылы ішінде педагогтердің кәсіби әдеп талаптарының сақталуына тұрақты бақылау жүргізілгенін баяндады. Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңеске келіп түскен азаматтардың өтініштері Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес қаралғаны айтылды.

Жүргізілген талдау нәтижесінде:

педагогтердің тәрбиеленушілермен қарым-қатынасы оң деңгейде екені;
ата-аналармен өзара байланыс мәдениеті сақталғаны;

ішкі еңбек тәртібі қағидаларын өрескел бұзу фактілері анықталмағаны;
еңбек тәртібіне қатысты туындаған ұсақ мәселелер профилактикалық әңгімелесу арқылы шешілгені хабарланды.

Сонымен қатар педагогтердің кәсіби жауапкершілігі мен этикалық мәдениетін арттыру бағытындағы жұмыстардың оң нәтижелері атап өтілді.

Екінші мәселе бойынша тыңдалды

Г.Т.Кусаинова 2024–2025 оқу жылында Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің жұмысына қорытынды жасады.

Оқу жылы ішінде:

кеңестің барлық отырыстары жұмыс жоспарына сәйкес өткізілді;
педагогикалық әдеп қағидаларын түсіндіру бойынша жүйелі жұмыстар ұйымдастырылды,

ұжымда қолайлы моральдық-психологиялық ахуалды қалыптастыруға бағытталған іс-шаралар өткізілді,

педагогтердің құқықтық сауаттылығын арттыру бойынша кеңестер берілді,

әлеуметтік желілерге мониторинг тұрақты жүргізілді,
азаматтардың өтініштері белгіленген мерзімде қаралды.
Жыл қорытындысы бойынша ұжымда педагогикалық әдеп талаптарының
сақталу деңгейі тұрақты екендігі атап өтілді.

Сұрақтар

Кеңес мүшелері келесі оқу жылында педагогикалық әдеп мәселелері
бойынша тәжірибелік семинарлар өткізуді ұсынды.
Сондай-ақ жас педагогтерге тәлімгерлік жұмыстарын күшейту жөнінде
пікірлер айтылды.

Жарыссөз

Ж.Д.Елубаева сөз сөйлеп, педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің
профилактикалық жұмыстары ұжымдағы қолайлы психологиялық ахуалды
қалыптастыруға оң әсер еткенін атап өтті. Ол келесі оқу жылында жас
педагогтерге арналған «Педагогикалық әдеп және кәсіби мәдениет»
тақырыбында оқыту семинарларын ұйымдастыруды және педагогтердің
құқықтық сауаттылығын арттыру жұмыстарын жалғастыруды ұсынды.

ҚАУЛЫ ЕТТІ

1. 2024–2025 оқу жылындағы Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің
жұмысы қанағаттанарлық деп танылсын.
2. Педагогтердің кәсіби әдеп талаптарын сақтау бойынша
профилактикалық жұмыстар келесі оқу жылында да жалғастырылсын.

Төрайымы :Г.Т.Кусаинова
Хатшысы:А.С.Балжанова